

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

14 наурыз 2025 жыл

KASE биржалық нарықтың 2025 жылдың ақпанындағы жұмысының қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) 2025 жылдың ақпанындағы қызметінің негізгі қорытындысын хабарлайды:

- KASE-дегі сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2025 жылдың ақпанында 28,4 трлн теңгені болды және 2025 жылдың қаңтарына қатысты 0,8 %-ға немесе 226,7 млрд теңгеге төмендеді.
- Ақпан айының қорытындысы бойынша KASE индексінің мәні 0,4 %-ға төмендеп, 5 620,34 тармақты құрады.
- Ақпан айының қорытындысы бойынша акция нарығын капиталдандыру 32,0 трлн теңгеге дейін 0,2 %-ға, саудаланатын корпоративтік борыш көлемі 2,9 %-ға, 13,6 трлн теңгеге дейін төмендеді.
- Ақпан айында төрт жаңа эмитенттің корпоративтік облигацияларының төрт шығарылымы листинг процедурасынан өтті.
- 2025 жылдың 01 наурызындағы жағдай бойынша KASE сауда-саттық тізімінде 262 эмитенттің 764 атаудағы мемлекеттік емес бағалы қағаздар болды.

НЕГІЗГІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2025 жылдың ақпан айында KASE қатысуымен келесі іс-шаралар өткізілді:

13 ақпанда Алматы қаласындағы KASE алаңында Еуро-Азия капитал нарықтары федерациясы (FEAS) Бас Ассамблеясының 40-шы отырысы өтті. Федерацияның мақсаты – Еуро-Азия аймағындағы капитал нарықтарын дамыту, қолдау және ілгерілету, ынтымақтастыққа жәрдемдесу.

14 ақпанда Алматы қаласында KASE-нің Tabadul Hub халықаралық сауда-саттық алаңына қосылуына арналған халықаралық конференция өтті. Tabadul инвесторларға аккредиттелген жергілікті брокерлер арқылы қатысушы биржалардағы сауда-саттық мүмкіндіктеріне кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы капитал нарықтарын дамытуға ықпал етеді. Бұл бастама өтімділікті, нарыққа қолжетімділікті жақсартады және инвестицияларды әртараптандырып, аймақтық нарықтар арасындағы байланысты нығайтады.

Конференция шеңберінде KASE 2024 жылдың қорытындысы бойынша биржалық нарықтарда үздік нәтижелерге қол жеткізген Биржа мүшелерін, листингтік компанияларды ашықтыққа ұмтылғаны үшін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) өкілдерін қор нарығы туралы мақалаларды белсенді жариялағаны үшін жыл сайынғы марапаттау рәсімін өткізді.

АКЦИЯ НАРЫҒЫ

2025 жылдың ақпан айының қорытындысы бойынша акция нарығын капиталдандыру 32,0 трлн теңгені (63,9 млрд USD) құрады, бұл қаңтар айындағы көрсеткіштен 77,9 млрд теңгеге немесе 0,2 %-ға төмен.

Ақпан айының соңында KASE сауда-саттық тізімінде 82 эмитенттің 97 атаудағы акциялар болды, оның ішінде екі эмитенттің екі атаудағы акциялар "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторында айналымға жіберілді. Ақпан айында KASE ресми тізімінен эмитенттің бастамасы бойынша "Mega Center Management (Mega Center Management)" АҚ жай акциялары алынып тасталды.

Ақпан айында акциялармен сауда-саттық көлемі 25,9 млрд теңгені құрап, қаңтарға қатысты 38,1 %-ға немесе 7,2 млрд теңгеге ұлғайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 1,3 млрд теңгені, мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 10 198, бір мәміленің орташа көлемі 127,2 мың теңге болды. Ақпан айында акция саудасы тек қайталама нарықта өтті.

Инвесторлардың негізгі санаттары арасында жеке тұлғалардың үлесіне акциялармен жасалған мәмілелердің жиынтық көлемінің 33,8 %, банктердің үлесіне 0,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 26,3 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 1,1 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 38,8 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің үлесі 20,7 % болды.

KASE ИНДЕКСИ

Ақпан айының қорытындысы бойынша KASE индексінің мәні 0,4 %-ға төмендеп, айдың соңына қарай 5 620,34 тармақты құрады.

2025 жылдың ақпанында индекстік акциялармен жасалған мәміле көлемі 23,9 млрд теңгені құрады, бұл ағымдағы жылдың қаңтар айындағы көрсеткіштен 6,3 млрд теңгеге жоғары. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-тың жай акцияларына келіп, 7,2 млрд теңге болды (индекстік акциялармен сауда-саттықтың жалпы көлемінің 30,0 %).

KASE индексінің өкілдік тізіміне кіретін соңғы мәмілелер бойынша акциялар бағасының өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға теңгемен			Сауда-саттық көлемі*, млн теңге		
		01.03.25 ж.б.	01.02.25 ж.б.	Δ, %	ақпан	қаңтар	Δ
"Қазмұнайгаз" ҰК" АҚ	KMGZ	14 133,99	13 840,00	+2,1	7 167,3	2 958,8	+ 4 208,4
"Эйр Астана" АҚ	AIRA	795,00	779,01	+2,1	1 270,9	395,9	+ 875,0
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	HSBK	262,78	259,00	+1,5	2 241,9	2 612,4	- 370,5
Kaspi.kz АҚ	KSPI	52 721,99	52 000,00	+1,4	1 773,3	1 168,4	+ 604,9
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	2 680,00	2 679,00	+0,04	765,7	1 869,4	- 1 103,7
"Кселл" АҚ	KCEL	3 415,00	3 442,99	-0,8	1 367,7	2 672,8	- 1 305,1
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 489,00	1 510,79	-1,4	2 029,7	520,2	+ 1 509,4
"Қазтрансойл" АҚ	KZTO	817,00	842,50	-3,0	1 647,9	1 485,2	+ 162,7
"Қазақтеком" АҚ	KZTK	45 255,00	47 003,00	-3,7	4 866,9	3 269,8	+ 1 597,0
"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ	KZAP	18 767,40	19 875,00	-5,6	720,5	585,8	+ 134,7

*ірі мәмілелер мен тұрақты емес сипаттағы мәмілелерді есепке алмағанда

Ақпан айының қорытындысы бойынша өсім көшбасшысы "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ жай акциялары болды, олар бір акция үшін 2,1 %-ға 14 133,99 теңгеге дейін өсті. Компанияның 2024 жылдағы өндірістік нәтижелеріне сәйкес мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 1,3 %-ға өсіп, 23,9 млн тоннаны құрады, ал мұнай тасымалдау көлемі 3,9 %-ға ұлғайып, 83,5 млн тоннаны құрады.

Көшбасшылар тізімінде екінші орынды "Эйр Астана" АҚ жай акциялары иеленді, олардың бағасы 2,1 %-ға өсті. Компания акцияларды және ЖДҚ кері сатып алу бағдарламасының бірінші кезеңінің аяқталғанын хабарлады, оның шеңберінде компания жалпы сомасы 8,2 млн АҚШ долларына 3 263 423 акция және 343 783 ЖДҚ кері сатып алды.

Көшбасшылар үштігін 1,5% өсіммен "Қазақстан Халық Банкі" АҚ жай акциялары жабады.

Қаржы секторының тағы бір өкілі Kaspi.kz АҚ-тың жай акцияларының бағасы бір акция үшін 1,4 %-ға, 52 721,99 теңгеге дейін өсті. Өткен жылдың төртінші тоқсанындағы және 2024 жылдың шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне сәйкес, компанияның 2024 жылдағы таза кірісі 25 %-ға 1,1 трлн теңгеге, ал кірісі 32 %-ға 2,5 трлн теңгеге дейін өсті. 2024 жылдың төртінші тоқсанында компанияның таза пайдасы мен кірісі 2023 жылдың ұқсас көрсеткішіне қатысты 28 %-ға, тиісінше 316,4 млрд теңгеге және 730,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

KASE GLOBAL СЕКТОРЫ

2025 жылдың ақпан айының соңында KASE Global секторында шетелдік эмитенттердің 47 атаудағы акциясы мен 13 ETF болды.

Ақпан айында "KASE Global" секторында сауда көлемі 6,3 млрд теңгені құрап, қаңтарға қатысты 16,3 %-ға немесе 1,2 млрд теңгеге азайды. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 314,9 млн теңге, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 1 060, бір мәміленің орташа көлемі 297,1 мың теңге болды.

"KASE Global" секторындағы мәмілелердің ең көп саны 2025 жылдың ақпанында мынадай акциялармен және ETF-пен жасалған:

- ProShares Bitcoin Strategy ETF (BITO_KZ) – жалпы сомасы 1,4 млрд теңгеге 6 077 мәміле;
- NVIDIA Corp. (NVDA_KZ) – жалпы сомасы 984,9 млн теңгеге 2 824 мәміле;
- Intel Corporation (INTC_KZ) – жалпы сомасы 451,4 млн теңгеге 1 791 мәміле.

Инвесторлардың негізгі санаттары бөлінісінде 50,4 % жеке тұлғаларға, 39,3 % брокер-дилерлерге, 10,3 % басқа заңды тұлғаларға тиесілі.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Айналыстағы корпоративтік борыш көлемі 2025 жылдың ақпанында 2,9 %-ға немесе 403,7 млрд теңгеге дейін төмендеп, 13,6 трлн теңге (27,2 млрд USD) болды.

2025 жылдың ақпан айының соңында KASE ресми тізімінде 128 эмитенттің 522 шығарылымының корпоративтік облигациялары болды. Ақпан айында KASE ресми тізіміне он эмитенттің корпоративтік облигацияларының 22 шығарылымы (төртеуі жаңа): "Mogo Kazakhstan (Mogo Қазақстан)" МҚҰ ЖШС жеті шығарылымы, "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ төрт шығарылымы, "Сейф-Ломбард" ЖШС үш шығарылымы, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ екі шығарылымы және "AVC Production" ЖШС, "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Jusan Mobile" АҚ, "МиГ Кредит Астана" Микроқаржы ұйымы ЖШС, "Orbis Leasing" ЖШС және "ТехноГруппСервис" ЖШС бір-бір шығарылымы енгізілді.

Ақпан айында KASE ресми тізімінен облигациялардың 12 шығарылымы: "First Heartland Jusan Bank" АҚ үш шығарылымы, "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ екі шығарылымы және "Банк ЦентрКредит" АҚ, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, "Home Credit Bank" АҚ бір шығарылымы, "Birinshi Lombard" ЖШС және "Еуразиялық банк" АҚ облигациялары айналым мерзімінің аяқталуына байланысты, "Вивус" Микроқаржы ұйымы ЖШС бір шығарылымы, күші жойылуына байланысты, алынып тасталды.

KASE_BY корпоративтік облигацияларының кірістілік индексінің мәні 2025 жылдың ақпанында 11 б.т. өсіп, айдың соңында жылдық 14,02 % құрады.

KASE корпоративтік облигациялармен сауда-саттық көлемі қаңтарға қарағанда 98,1 %-ға немесе 99,0 млрд теңгеге 200,0 млрд теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 10,0 млрд теңгені (қайталама нарықта – 4,2 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны 524 мәмілені (қайталама нарықта – 518 мәмілені), бір мәміленің орташа көлемі 19,1 млн теңгені (қайталама нарықта – 8,1 млн теңге) құрады.

2025 жылдың ақпанында корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығының көлемі 115,9 млрд теңгені құрады және қаңтарға қатысты 2,6 есеге немесе 71,2 млрд теңгеге ұлғайды. Есепті айда келесі корпоративтік облигациялар орналастырылды:

- "Банк ЦентрКредит" АҚ жылдық кірістілігі 4,50 % және өтелгенге дейінгі мерзімі тоғыз ай болатын облигацияларды орналастыра отырып, 31,5 млн АҚШ долларын (15,8 млрд теңгенің баламасы) тартты;

- "Home Credit Bank" АҚ өтеуге дейінгі мерзімі 1,0-4,4 жыл, кірістілігі жылдық 17,50-18,70 %-бен облигациялардың үш шығарылымын орналастыра отырып, 19,2 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ өтеуге кірістілігі 13,61 %-бен және өтеуге дейінгі мерзімі 6,4 жыл облигацияларды орналастыра отырып, 6,4 млрд теңге тартты;
- "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 14,69-14,95 %-бен және өтеуге дейінгі мерзімі 1 және 2 жыл облигациялардың екі шығарылымын орналастыра отырып, 29,1 млрд теңге тартты;
- "ОнлайнҚазҚаржы МҚҰ" АҚ үш жылдық облигацияларды жылдық 21,00 %-бен орналастыра отырып, 5,0 млрд теңге тартты;

"Азық-түлік келісімшарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ өтеуге кірістілігі жылдық 18,00 %-бен және өтеуге дейінгі мерзімі 1,5 жыл облигациялардың екі шығарылымын орналастырып, 30,1 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында банктердің үлесі – 41,2 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 0,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 26,3 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 9,4 %, жеке тұлғалардың үлесі 22,5 % болды. Корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,1 % болды.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі ақпан айында қаңтарға қатысты 49,5 %-ға немесе 27,8 млрд теңгеге өсіп, 84,0 млрд теңгеге жетті.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың қайталама нарығында банктердің үлесі 4,8 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 11,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 2,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі 69,1 %, жеке тұлғалардың үлесі 12,2 % болды. Бейрезиденттердің үлесі 34,7 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

KASE-де саудаланатын номинал бойынша мемлекеттік борыш сомасы бір айда 3,5 %-ға немесе 933,4 млрд теңгеге ұлғайып, 27,9 трлн теңгені (55,6 млрд USD) құрады.

KASE-дегі МБҚ сауда-саттығының жиынтық көлемі 670,5 млрд теңгені құрады және бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемін ұлғайту есебінен қаңтармен салыстырғанда 18,2 %-ға немесе 103,0 млрд теңгеге өсті. Ақпан айының қорытындысы бойынша сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 33,5 млрд теңгені (қайталама нарықта – 7,8 млрд теңге), мәмілелердің орташа тәуліктік саны – 34 (қайталама нарықта – 29), бір мәміленің орташа көлемі 984,6 млн теңгені (қайталама нарықта – 270,5 млн теңге) құрады.

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 79,9 %-ға немесе 228,4 млрд теңгеге артып, 514,5 млрд теңгеге жетті. Барлық көлем Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің қазынашылық міндеттемелерін орналастыруға келді. Жылдық 13,40-14,60 % және өтелгенге дейін 0,9 жылдан 11,9 жылға дейін барлығы 11 облигация шығарылымы орналастырылды.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша банктердің үлесіне 27,0 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 72,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 0,7 % тиесілі болды. МБҚ бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі 0,1 %-дан кем болды.

Қайталама нарықтағы сауда көлемі 44,6 %-ға немесе 125,4 млрд теңгеге төмендеп, 156,1 млрд теңгені құрады. Қайталама нарықтағы Ұлттық Банк ноталарымен сауда-саттық үлесі сауда-саттықтың жалпы көлемінің 31,4 %-н немесе 49,0 млрд теңгені, МЕКАМ үлесі 62,1 % немесе 97,0 млрд теңгені, Қазақстан Республикасы еурооблигацияларының үлесі 5,7 % немесе 8,9 млрд теңгені құрады. 0,8 % немесе 1,2 млрд теңгені құрайтын қалған көлем шет мемлекеттердің МБҚ-мен (АҚШ, Түркия және Австрия Қаржы министрлігінің облигациялары) жасалған мәмілелерге келді.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша МБҚ қайталама нарығында банктердің үлесіне 27,2 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесіне 17,7 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесіне 4,5 %, басқа заңды тұлғалардың үлесіне 47,6 %, жеке тұлғалардың үлесіне 3,0 % тиесілі болды. Бейрезиденттердің қатысуы 26,5 %-ға бағаланады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ (МҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

2025 жылдың ақпан айының соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде жеті халықаралық қаржы ұйымының 57 шығарылымының облигациялары болды: Еуразиялық даму банкінің 19 шығарылымы, Еуропалық қайта құру және даму банкінің 16 шығарылымы, Азия даму банкінің 11 шығарылымы, Халықаралық қайта құру және даму банкінің төрт шығарылымы, Халықаралық қаржы корпорациясының төрт шығарылымы, Еуропалық инвестициялық банктің екі шығарылымы және Жеке секторды дамыту жөніндегі Ислам корпорациясының бір шығарылымы.

2025 жылдың ақпанында KASE ресми тізіміне Еуропалық қайта құру және даму банкі облигацияларының бір шығарылымы енгізілді. Еуразиялық даму банкінің бір шығарылымы айналым мерзімінің аяқталуына байланысты айналымнан шығарылды.

Ақпан айында халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларымен сауда-саттық көлемі өткен аймен салыстырғанда 83,8 млрд теңгеге өсіп, 99,4 млрд теңгені құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялар секторының бастапқы нарығында сауда-саттық көлемі 83,0 млрд теңгені құрады және қаңтармен салыстырғанда 75,4 млрд теңгеге өсті. Барлығы екі эмитенттің облигацияларының екі шығарылымы орналастырылды:

- Еуропалық қайта құру және даму банкі TONIA+0,00 % маржа құбылмалы пайыздық мөлшерлемесімен екі жылдық облигацияларды орналастыра отырып, 33,0 млрд теңге тартты;
- Еуразиялық даму банкі үш жылдық облигацияларды 16,25 %-бен орналастырып, 50,0 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша бастапқы нарықта банктердің үлесі 58,1 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 1,9 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі 28,0 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі 12,0 % болды. Бейрезиденттер МҚҰ-ның бастапқы нарығына қатысқан жоқ.

2025 жылдың ақпанында қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі қаңтармен салыстырғанда 2,0 есеге немесе 8,4 млрд теңгеге ұлғайып, 16,4 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының қайталама нарығында брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлардың үлесі – 0,1 %-дан кем, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 99,6 %, жеке тұлғалардың үлесі – 0,2 %. Бейрезиденттердің қатысуы 50,0 %-ға бағаланады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

2025 жылдың 01 наурызында "инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында бес басқарушы компания басқаруындағы 17 пай қорының қаржы құралдары мен алты ETF болды.

Есепті айда сауда-саттық көлемі 2,8 млрд теңгені құрады және қаңтарға қатысты 3,8 есе немесе 2,1 млрд теңгеге өсті. Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша 51,7 % жеке адамдарға, 27,6 % брокерлік-дилерлік ұйымдарға, 20,7 % басқа заңды тұлғаларға тиесілі.

ТУЫНДЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2025 жылдың 01 наурызындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде базалық активтері "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы" АҚ, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ, Kaspi.kz АҚ, "Қазақтөлеком" АҚ және "Эйр Астана" АҚ жай акциялары болып табылатын бес шығарылымның жаһандық депозитарлық қолхаттары (ЖДҚ) болды. 05 ақпаннан бастап базалық активі "ForteBank" АҚ жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар рұқсаттама бастамашысының бастамасымен KASE ресми тізімінен алынып тасталды.

2025 жылдың ақпанында сауда-саттық көлемі 3,6 млрд теңге болып, қаңтарға қатысты 8,9 есе немесе 3,2 млрд теңгеге ұлғайды. Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке адамдардың үлесі 2,4 %, брокерлік-дилерлік ұйымдардың үлесі 49,3 %, басқа заңды тұлғалардың үлесі 48,2 % болды. Бейрезиденттердің үлесі 21,8 % құрады.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫ НАРЫҒЫ

Ағымдағы жылдың ақпан айында KASE шетел валюталары нарығындағы сауда-саттыққа KASE 33 мүшесі қатысты.

2025 жылдың ақпанындағы шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі 2025 жылдың қаңтарына қарағанда 5,0 %-ға немесе 168,2 млрд теңгеге өсіп, 3,5 трлн теңгеге жетті. Сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі 175,7 млрд теңге, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 976, бір мәміленің орташа көлемі 179,9 млн теңге болды.

Төмендегі кестеде KASE-де саудаланатын валюта жұптарының негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшада көрсеткіштің алдыңғы айға өзгеруі көрсетілген, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгерісін көрсетеді).

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәміле саны	Базалық валютаның бірлігіне баға белгіленетін иин. және макс. бағамдар	Айдың соңындағы бағам (өзг. %)
USD/KZT	5 058,4 (+6,5%)	72,6 % (-1,8 %)	14 909 (+2 445)	492,50-522,99	499,09 (-3,7 %)
RUB/KZT	123 582,0 (+3,7%)	19,3 % (+0,7 %)	3 614 (+871)	5,1605-5,8800	5,6521 (+7,2 %)
CNY/KZT	715,2 (+0,5%)	1,4 % (-0,1 %)	310 (+5)	67,5010-70,9500	68,5031 (-3,7 %)
EUR/KZT	166,4 (+77,5%)	2,5 % (+1,0 %)	495 (+194)	516,70-537,25	518,53 (-3,7 %)
EUR/USD	83,3 (-1,9%)	1,3 % (-0,1 %)	135 (-12)	1,0230-1,0509	1,0391 (+0,1 %)
USD/CNY	202,4 (+24,3%)	2,9 % (+0,3 %)	65 (-9)	7,2500-7,3140	7,2867 (+0,4 %)

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 2025 жылдың ақпанында 23,9 трлн теңге болып, 2025 жылдың қаңтарындағы көрсеткішке қатысты 2,8 %-ға немесе 692,2 млрд теңгеге төмендеді.

Мәміле көлемі арқылы орташа сараланған USD/KZT валюталық своп операциялары және бір жұмыс күні ашылған МБҚ-мен автоматты репо операциялары бойынша кірістіліктің орташа мәні болып табылатын ақша нарығының композиттік индикаторы MM_INDEX бір айда 47 б.т.-қа жылдық 13,74 %-дан 13,27 %-ға дейін төмендеді.

РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Репо операцияларының жиынтық көлемі 2025 жылдың ақпанында 17,3 трлн теңгені құрады, бұл қаңтардағы көлемінен 1,6 трлн теңгеге немесе 8,3 %-ға төмен. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 863,1 млрд теңге, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 760, бір мәміленің орташа көлемі 1,1 млрд теңге болды.

МБҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 13,7 трлн теңгені немесе репо операцияларының жалпы көлемінің 79,1 %, ББҚ-мен авторепо операцияларының көлемі 3,5 трлн теңгені немесе 20,3 %, ББҚ-мен тікелей репо 3,7 млрд теңгені немесе 0,1 %-дан кем, КҚС-мен авторепо 109,2 млрд теңгені немесе 0,6 % құрады.

2025 жылдың ақпан айының қорытындысы бойынша TONIA индикаторы 13 б.т.-қа жылдық 14,58 %-дан 14,71 %-ға дейін, TRION индикаторының мәні 11 б.т.-қа, жылдық 14,58 %-дан 14,69 %-ға дейін, жеті жұмыс күні мерзіміне репо ашу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемені білдіретін TWINA индикаторының мәні 39 б. т. жылдық 14,79 %-дан 15,18 %-ға дейін өсті.

ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

Ақпан айында валюталық своп операцияларының жиынтық көлемі 6,6 трлн теңгені құрады, бұл қаңтар айындағы көлемінен 877,8 млрд теңгеге немесе 15,3 %-ға жоғары. Операциялардың орташа тәуліктік көлемі 330,7 млрд теңге, мәмілелердің орташа тәуліктік саны 69, бір мәміленің орташа көлемі 4,8 млрд теңге болды.

Валюталық своп құрылымында валюталық своптармен жасалған операция көлемінің 6,6 трлн теңге немесе 99,2 % USDKZT своптарына; 25,6 млрд теңге немесе 0,4 % RUBKZT своптарына; 5,8 млрд теңге немесе 0,1 % EURKZT своптарына; 22,1 млрд теңге немесе 0,3 % EURUSD своптарына тиесілі болды.

Валюталық жұп	Қаржы құралы	Көлемі, млрд теңге	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %
USD/KZT	USDKZT_0_001	2 691,5	5 325,3	40,7%
	USDKZT_0_002	3 203,9	6 343,7	48,4%
	USDKZT_0_01W	256,8	510,0	3,9%
	USDKZT_1_01W	80,2	160,0	1,2%
	USDKZT_1_001	328,2	657,8	5,0%
EUR/KZT	EURKZT_1_001	5,8	11,0	0,1%
RUB/KZT	RUBKZT_0_001	20,0	3 720,7	0,3%
	RUBKZT_1_001	5,6	990,1	0,1%
EUR/USD	EURUSD_1_001	22,1	41,9	0,3%

Ақпан айының соңында SWAP-1D (USD) бір күндік долларлық своптың кірістілігі жылдық 9,93 % құрады, бір айда 83 б.т.-қа төмендеді, екікүндік SWAP-2D (USD) валюталық своптың кірістілігі ақпан айында 48 б.т.-қа жылдық 10,12 %-ға дейін төмендеді.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Қазіргі уақытта биржалық нарықтың осы секторында АҚШ долларының теңгеге бағамына, Ресей рублінің теңгеге бағамына, "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ жай акцияларына, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жай акцияларына, KASE индексіне және ETF Nasdaq-100 Index ETF, SPDR Bloomberg Barclays 1-3 Month T-Bill ETF, SPDR Gold Shares ETF, SPDR S&P 500 ETF TRUST жеткізілімсіз фьючерстері сауда-саттыққа қолжетімді.

2025 жылғы ақпанда туынды құралдар нарығында 2025 жылдың наурызында орындалуымен теңгеге АҚШ доллары бағамына фьючерстермен 5 мәміле жасалды, мәміле көлемі 252,0 млн теңгені құрады. 01 наурызда туынды құралдар нарығындағы сауда-саттыққа қатысушылардың ашық позициялары 500 фьючерсті құрады.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі жөнінен бесінші орында (2024 жылдың қорытындысы бойынша).

Бұл – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да

халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасына қатысушы.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.